

Талдықорған облысындағы Алакөл еркін экономикалық аймағын дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 4 қыркүйек N 740. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.02.19 . N 213 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Талдықорған облысында Алакөл, Жаркент еркін экономикалық аймақтарын құру және Талдықорған қаласында "Талдықорғансырткөлік" кәсіпорны негізінде еркін экономикалық кіші аймақ құру туралы" 1992 жылғы 11 қаңтардағы N 1114 - XII қаулысына және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасындағы еркін экономикалық аймақтардың мәселелері" атты 1992 жылғы 13 сәуірдегі N 320 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Алакөл еркін экономикалық аймағы туралы қоса беріліп отырған Ереже б е к і т і л с і н .

2. Алакөл ауданының әкімі:
он күндік мерзімде Алакөл еркін экономикалық аймағын басқаратын әкімшілік кеңес құратын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті бір айлық мерзімде:
еркін экономикалық аймақтың әкімшілік кеңесімен аймақтың территориясында кеден пункттерінің желісі бар кеден құруға байланысты мәселелерді шешетін болсын, шарттық негізде оларды қаржыландыру мен жұмыс істеу тәртібін белгілейтін болсын;

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен және еркін экономикалық аймақтың әкімшілік кеңесімен бірге кедендік бақылаудың, еркін экономикалық аймаққа әкелінетін және одан әкетілетін тауарлар мен басқа да мүлікті ресми белгілеудің тәртібі мен ережесін б е л г і л е й т і н б о л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Материалдық ресурстар министрлігі Алакөл еркін экономикалық аймағының жұмыс істеуі мен дамуы үшін қажетті орталықтан бөлінетін өнім бойынша материалдық-техникалық ресурс бөлуді, сондай-ақ еркін рынокта өнім сатып алу жөнінде делдалдық қызмет көрсетуді көздейтін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан

Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Ішкі істер министрлігімен және еркін экономикалық аймақтың әкімшілік кеңесімен бірге Алакөл еркін экономикалық аймағының территориясында шет ел азаматтарының келуі мен кетуінің және болуының оңайлатылған тәртібін белгілейтін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 4 қыркүйектегі

N 740 қаулысымен

Бекітілген

Алакөл еркін экономикалық аймағы туралы

Ереже

Алакөл еркін экономикалық аймағы (Алакөл ЕЭА) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 11 қаңтардағы N 1114 - XII қаулысымен Талдықорған облыстық және халық депутаттары Алакөл аудандық Кеңесінің ұсынысы бойынша аудан халқының пікірі ескеріле отырып құрылды.

Бұл ереже Қазақстан Республикасының "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 сәуірдегі N 320 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы еркін экономикалық аймақтар туралы негізгі ережелерге сәйкес Алакөл ЕЭА-ның өзіне тән ерекшеліктері мен салалық мамандандырылуына ыңғайлап әзірленді.

1-бөлім. Алакөл ЕЭА-ның орналасқан жері, шекарасы, аумағы және құрылымының жалпы принциптері

1-бап. Алакөл еркін экономикалық аймағы Талдықорған облысының аумағында Алакөл ауданының шекарасында орналасқан және Қазақстан Республикасының ажырамас аумағы болып табылады.

Алакөл ЕЭА-ның жер көлемі - 15,3 мың шаршы км.

2-бап. Алакөл ЕЭА-ын құрудағы негізгі мақсат: отандық және шетелдік инвестицияларды ынталандыру және қатыстыру; озық техниканы, технологияны және басқару тәжірибелерін енгізу; импортты алмастыратын және бәсекеге қабілетті өнімдер шығаруды ұйымдастыру арқылы ауданның көп салалы экономикасын құру;

Еуропаны Азия-Тынықмұхит аймағымен байланыстыратын Трансазия темір жолын (қосымша жұмыс, өңдеу, тауарлар тасымалдау, жүк сақтау, консигнализациялық қоймалар құру мен әртүрлі қызмет көрсету) тиімді пайдалану және шет елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту; туризмді дамыту, аңшылық, балық аулау спортын ұйымдастыру;

өнімдерді экспорттауды және Қазақстан Республикасына конверцияланған валютаның түсуін еселеу есебінен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын және халықтың әл-ауқатын жақсартуды жеделдету болып табылады.

3-бап. Алакөл ЕЭА аумағында отандас және шетелдік заңды ұйымдармен жеке адамдардың тікелей әскери бағыттағы өнімдерді өндіруден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынған қызмет түрлерінен басқа кез-келген шаруашылық, қаржы және басқа да қызмет түрлерімен айналысуына жол беріледі.

4-бап. Алакөл ЕЭА аумағында заңды ұйым (шаруашылық жүргізуші субъект) құрмай шаруашылық қызмет шұғылдану заңды ұйымдар мен азаматтардың қызметі "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңмен, Қазақстан Республикасының оған қайшы келмейтін заңдарымен және Алакөл ЕЭА туралы осы Ережемен реттеледі.

Қазақстан Республикасы заңдарында Алакөл ЕЭА аумағында шаруашылық қызметтің жекелеген мәселелерін регламенттеу жағдайында Алакөл ЕЭА-ы туралы осы Ережеге тиісті өзгертулер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңның жалпы нормалары пайдаланылады.

Егер Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шартта "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңда қамтылғаннан басқа ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарт ережелері қолданылады.

5-бап. Қазақстан Республикасы Алакөл ЕЭА аумағында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының азаматтары мен шет ел азаматтарының, кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың, бірлескен кәсіпорындардың, фирмалардың, компаниялардың, олардың филиалдарының хұқы мен заңды мүдделерін сақтауға кепілдік береді.

6-бап. Алакөл ЕЭА аумағында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының азаматтары мен шет ел азаматтарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың, бірлестіктердің, бірлескен кәсіпорындардың фирмалардың, компаниялардың кез-келген меншік түріндегі олардың филиалдарының мүлкін мемлекет иелігіне алуға жол берілмейді.

7-бап. Алакөл ЕЭА аумағында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілерге, шаруашылық тәртібі өзгеріске ұшыраған жағдайда олардың тіркелген сәтіне сәйкес шартпен бір жыл бойы қызметін жалғастыру хұқына кепілдік беріледі.

8-бап. Өздерінің қызметін Алакөл ЕЭА аумағында жүзеге асырушы Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің заңды ұйымдары мен азаматтарына лауазымды адамдардың, мемлекеттік немесе басқа органдардың орынсыз килігуі салдарынан келтірілген зияндар соттың немесе төрелік етушінің

шешімі бойынша осы органдардан немесе лауазымды адамдардан өндірілуге жатады.

2-бөлім. Алакөл еркін экономикалық аймағын басқару

9-бап. Алакөл ЕЭА-ның мемлекеттік өкімет органы халық депутаттарының аудандық Кеңесі болып табылады, ол аймақ аумағының жоғарғы басқару органы - Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесіне атқарушы өкімет өкілеттігін табыстайды.

Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі Алакөл ауданы әкімінің шешімімен республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдерінен құралады.

Әкімшілік кеңесінің өкілеттігі және қызмет аясы халық депутаттары Алакөл аудандық Кеңесі бекіткен Алакөл ЕЭА әкімшілік кеңесі туралы Ережемен а й қ ы н д а л а д ы .

Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі аймақ аумағында мамандандырылған сауда, өндірістік және басқа да қосалқы аймақтар құра алады, ол үшін қосалқы аймағындағы әлеуметтік-экономикалық процестердің дамуына тиімді басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін шаруашылық қызметтің ерекше тәртібі б е л г і л е н е д і .

10-бап. ЕЭА аумағындағы әкімшілік кеңес экспорттық және импорттық тауарларды, қызмет көрсетуді, сондай-ақ табиғат ресурстарын лицензиялау мен квоталауды жүзеге асырады.

3-бөлім. Алакөл ЕЭА-дағы шаруашылық қызметі

11-бап. Алакөл ЕЭА-да, егер ол Қазақстан Республикасы заңдарымен тыйым салынбаса кәсіпкерлік және шаруашылық қызметтің кез-келген түрі жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Алакөл ЕЭА-дағы шаруашылық қызметі халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және аймақта тұратын әлеуметтік-экономикалық ахуалды ұстап тұратын бағытта жүзеге асырылады.

Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі, егер олар:

- аумақ пен халықтың қауіпсіздігіне қатер төндірсе;
- белгіленген экологиялық талаптарға сәйкес келмесе;
- халықтың денсаулығы мен адамгершілігіне қатер төндірсе;
- тарих, мәдениет ескерткіштері мен табиғат ескерткіштерінің сақталуын қ а м т а м а с ы з е т п е с е ;

- Қазақстан Республикасы қатысқан халықаралық шарттарда тыйым салынса, жекелеген қызмет түрлерін тоқтата алады.

12-бап. Шаруашылық жүргізуші субъектілер, соның ішінде Алакөл ЕЭА аумағында түпкілікті тұратын немесе орналасқан орындары бар, сол сияқты онан тыс жерлерде тұратын немесе орналасқан орындары бар шетелдіктер де аймақтың аумағы шегіндегі кәсіпорындарға бірлесіп те, сондай-ақ дербес те

инвестицияларды жүзеге асыра алады.

Алакөл ЕЭА аумағында, сондай-ақ одан тысқары орналасқан кез-келген заңды ұйымдар аймақта өз филиалдарын немесе жаңа, соның ішінде бірлескен кәсіпорындар құруға хақылы. Оларды тіркеу заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. < * >

Алакөл ЕЭА аумағында банк пен сақтандыру салаларында шетел инвестициялары мен кәсіпорындар құруға рұқсат етіледі.

Ескерту. 12-баптың екінші бөлігіне өзгерту енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен.

13-бап. Қазақстан Республикасы меншігіндегі немесе оның тікелей басқаруындағы субъектілерден басқа Алакөл ЕЭА аумағында орналасқан шаруашылық жүргізуші субъектілер олар заңда белгіленген тәртіппен тіркелгеннен кейін ведомстволық бағыныстылықтан дербес және тәуелсіз болады. < * >

Шаруашылық жүргізуші субъектілер өз қызметінің нәтижелеріне толық жауап береді. Қазақстан Республикасы, жергілікті Кеңестер шаруашылық жүргізуші субъектілердің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті мойынына алмайды.

Ескерту. 13-баптың екінші бөлігіне өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен.

14-бап. Алакөл ЕЭА-да орналасқан кәсіпорындар жасайтын шаруашылық қатынастар шарттық негізде құрылады. Заңда белгіленген тәртіппен тіркеуден өткен Алакөл ЕЭА-ның кәсіпорындары өндірістік бағдарламаларын дербес жасауға және өндірілген өнімдерін (қызмет көрсету) таратуға хұқылы.<*>

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен.

15-бап. Алакөл ЕЭА аумағындағы шетелдік инвесторлар қызметінің жағдайы Қазақстан Республикасының заңды ұйымдары мен азаматтары үшін белгіленген қызмет жағдайынан кем болмайды.

Алакөл ЕЭА аумағындағы шетелдік заңды ұйымдардың меншіктік хұқ кепілдігін кепілдік қорын құру арқылы сондай-ақ солардың меншігіндегі мүлікті кепілге салу жолымен әкімшілік кеңес қамтамасыз етеді.

16-бап. Қазақстан Республикасының заңдары, Алакөл ЕЭА туралы Ереже немесе құрылтай (тіркеу) құжаттарында көрсетілген міндеттемелер бұзылған жағдайда Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі аймақ аумағындағы заңды ұйымның қызметін тоқтату туралы шешім қабылдауға және Әкімшілік кеңестің өкілеттігіне сәйкес айып санкциясын салуға хұқылы.<*>

Ескерту. 16-баптан сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен.

17-бап. Алакөл ЕЭА аумағында тіркелген заңды ұйым мен жеке адам сыртқы экономикалық қызметін дербес жүргізеді, отандас және шетелдік инвесторларды меншік түріне қарай қатыстыру арқылы бірлескен кәсіпорындар құру мәселесін ш е ш е д і .

18-бап. Алакөл ЕЭА-да іс-қимыл жасайтын шетел инвесторларына салықтарын төлегеннен кейін олардың табыс түрінде, сондай-ақ шетелдік инвестициялары бар кәсіпорындардың жарғы қорындағы үлестің бәрін немесе бір бөлігін сатуға, кәсіпорыннан шығаруға немесе оның жойылуына байланысты алынған сомаларды шетелге аударуға немесе тиісті валютамен төлем жасауына к е п і л д і к б е р і л е д і .

Шетелдік инвесторлардың ЕЭА аумағындағы қызметі нәтижесінде ұлттық валютамен алған табыстары аймақ еркін түрде қайтадан инвестициялана және пайдаланыла алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шетелдерге аударыла алады.

19-бап. Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен әкімшілік кеңес арасындағы даулар Қазақстан Республикасының сот және төрелік органдарында немесе екі жақтың келісімі мен аралық сотта қаралады.

20-бап. Алакөл ЕЭА-да тіркелген отандық және шетел инвесторлары мүлікті қоса жалдау хұқы мен мүліктік хұқы бар және жалдық келісімге қол қойған жақтардың немесе олардың заңды ізбасарларының өзара келісімімен пайдалану х ұ қ ы н б ө л і с е а л а д ы .

Отандық және шетел инвесторларымен жерді және басқа табиғат ресурстарын, үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды, өнеркәсіп және басқа кәсіпорындарды пайдалану жөніндегі жалгерлік келісімдерді тек қана оны қайта қарау осы келісімдер қол қойған жақтардың немесе олардың заңды ізбасарларының өзара келісімімен немесе тиісті соттың шешімімен қайта қ а р а л а д ы .

21-бап. Инвесторлар өзінің пайдалану хұқы мен мүлкін заемдық валюта қаржысын тартуды қоса алғанда, "Кепіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндеттемелердің барлық түрлерін қамтамасыз ету ретінде п а й д а л а н у ы н а б о л а д ы .

22-бап. Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі аймақта тіркелген және шаруашылық және басқа коммерциялық қызметті жүзеге асыратын отандық және шетелдік заңды ұйымдары мен жеке адамдарға мынадай салықтық және б а с қ а ж ең і л д і к т е р ж а с а у ғ а :

негізгі өндірістік қорлардың жекелеген топтары бойынша жеделдетілген (жылына 20 процентке дейін) амортизация нормасына рұқсат етуге; пайдадан алынатын салыққа жеңілдік жасауға; жерді және сатып алған жылжымайтын мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін

ақының мөлшерін азайтуға, сондай-ақ коммуналдық және көлік қызметі үшін ақы төлеу тарифін енгізуге;

жаңа жұмыс орындарын ашуға жәрдем беруге, жергілікті зерттеу мекемелерімен ынтымақтаса отырып, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын (Ғ 3 Ж) жүргізу;

ЕЭА-да орналасқан банктерден және басқа заңды ұйымдардан алынған заемдар мен несиелер бойынша кепілдіктер беруге;

жаңа кәсіпорындар құрылысын тікелей қаржыландыру үшін облигациялар шығаруға рұқсат етуге;

инфрақұрылым объектілерін жеңілдікпен немесе тегін пайдалануға рұқсат етуге;

құрылыс иелерін 5 жыл мерзімге дейін жергілікті салықтың белгілі бір процентінен босатуға;

табиғат ресурстарын пайдаланғандығы үшін төлемдер бойынша жеңілдіктер белгілеуге хұқы бар.

23-бап. Әкімшілік кеңесі Алакөл ЕЭА аумағында тиісті заң актілерімен және нормативтерімен белгіленген барлық басқару және шаруашылық жүргізуші субъектілер орындауға міндетті табиғат пайдалану, айналадағы табиғат ортаны қорғау ережелерін, санитарлық-гигиеналық және жұқпалы ауруларға қарсы ережелерді, заңдылық актілері мен нормативтеріне сәйкес белгіленген, зиянды заттардың, радиацияның, дірілдің, шудың және тағы басқалардың шекті мөлшерде шоғырлану деңгейін қамтамасыз етеді.

Алакөл ЕЭА аумағында өсімдіктер мен хайуанаттар әлемінің ресурстарын, жер учаскелерін, сондай-ақ табиғат ресурстарын барлау мен әзірлеуге пайдалануға байланысты шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес белгіленген тәртіппен берілген мемлекеттік экологиялық сараптау мен лицензиядан өткен жобалардың немесе тиісті ресурстық негіздеулер негізінде жүзеге асырылады.

Лицензияда пайдалы қазбалар кенішін әзірлеудің нақты жағдайы, салық пен басқа төлемдердің түрлері мен мөлшері және әзірleme жасаушы кәсіпорын қоса көрсетіліп сипатталады. Жер қойнауы үшін төлем мөлшерін айқындаған кезде геологиялық-барлау жұмыстарына және минералды-шикізат базасын қайта жаңғыртуға кеткен шығындарды өтеу ставкасы ескеріледі.

Әкімшілік кеңесі табиғат ресурстарын пайдалануды оңайландыру, өндірістік қызметтің аймақтың экологиялық ахуалына кері әсерін төмендету жөніндегі шараларын қамтитын өнеркәсіптік бағдарламаларды әзірлеп, орындауды жүзеге асырады.

24-бап. Алакөл ЕЭА аумағында орналасқан кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге меншік түрлері қандай болса да Қазақстан Республикасының

Мемстаткомы бекіткен мемлекеттік статистикалық есеп беру қолданылады және ол есеп беру ақпарат жіберушінің қаржысы есебінен жүзеге асырылатын мемлекеттік ақпарат салығы болып табылады.

4-бөлім. Алакөл ЕЭА-дағы меншіктік қатынастар

25-бап. Алакөл ЕЭА аумағында меншіктің барлық түрлері танылады және қорғалады, олардың теңдігі сақталады.

Алакөл ЕЭА аумағындағы жер сатылмайды. Шаруашылық жүргізуші субъектіге жерді және басқа да табиғат ресурстарын пайдалану мен жалдау хұқын беру тәртібін қолданылып жүрген заңға сәйкес әкімшілік кеңесі а й қ ы н д а й д ы .

26-бап. Қазақстан Республикасының меншігіндегі және тікелей басқаруындағы Алакөл ЕЭА аумағындағы мемлекеттік меншік объектілерінің (темір жол және әуе көліктері, біртұтас энергетика жүйесіндегі элементтер) жұмысын Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі басқа да республикалық меншіктің басқа да объектілері, оның ішінде мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге жатпайтындары сияқты тиісті республикалық басқару органдарымен ынтымақ шарты негізінде үйлестіріп отырады.

27-бап. Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесінің аймақ аумағындағы республикалық меншік объектілерін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік жөніндегі Мемлекеттік комитеті жасаған жалпы республикалық бағдарламаға ұсыныс енгізу хұқы бар.

Алакөл ЕЭА аумағында орналасқан мемлекеттік меншік объектілерінен мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру барысында алынған қаржы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бөлінеді.

Қазақстан Республикасына қарасты акцияларды (жарналарды) сатудан жекешелендіру барысында алынған қаржыны тиімді әрі нысанаға сай пайдалану мақсатында Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі, оларды Алакөл ЕЭА-ның экономикалық және әлеуметтік дамытудың арнайы құрылған қорына, сондай-ақ аймақтың кепілдік қорына ішінара жинақтай алады.

28-бап. Алакөл ЕЭА аумағында мұнай, газ, құнды металл кен орындарын және басқа табиғат ресурстарын (арнаулы тізбе бойынша) барлау, талдау Қазақстан Республикасының тиісті заңына сәйкес реттеліп отырады.

Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі аймақ аумағында табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы шаруашылық қызметті реттеу тәртібін бекітеді. Әкімшілік кеңесі төлем шартымен арнаулы табиғат пайдалануды ұйымдастырады.

5-бөлім. Салық салу, валюталық және қаржы-несиелік тетіктер

29-бап. Алакөл еркін экономикалық Қазақстан Республикасының салық жүйесі қолданылады. < * >

Ескерту. 29-бап. жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-інің 2.08.1995 ж. N 1069 қаулысымен.

30 - б а п . 31 - б а п . < * >

Ескерту. 30-31-бап. алынып тасталған - ҚРМК-інің 2.08.1995 ж. N 1069 қаулысымен, 32-57-баптар тиісінше 30-55-баптар болып саналсын.

32-бап. Алакөл ЕЭА-ның дербес бюджеті мен төлем балансы бар. Алакөл ЕЭА Қазақстан Республикасының Қаржылық міндеттемелеріне жауапты емес, сондай-ақ Республика да Алакөл ЕЭА-ның және оның аумағында тіркелген, жеке еңбек қызметімен айналысатын заңды ұйымдар мен азаматтар міндеттемелеріне жауапты емес.

33-бап. Алакөл ЕЭА аумағында тіркелген заңды ұйымдардың міндеттемелеріне кепілдікті беру ісін аймақтың әкімшілік кеңесі, өкілетті банкілер, қаржы компаниялары, заңды ұйымдардың құрылтайшылары жүзеге асырады.

34-бап. Алакөл ЕЭА бюджетінің табыс әкелетін бөлігі Қазақстан Республикасының "Қазақ ССР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы", "Қазақстан Республикасының салық жүйесі туралы", "Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы" Заңдарына сәйкес қалыптастырылады.

Алакөл ЕЭА-ның бюджетіне түсетін қаржы мен төлемді реттеу тетігін, аймақ аумағында ақша айналымының тұрақтылығын қамтамасыз ету, несие-қаржы жүйесін де тиімді бақылау мен басқару үшін құрылған Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкінің бөлімшесімен бірлесіп әкімшілік кеңесі белгілейді.

Алакөл аймағының бюджетіне ішкі істер органдары анықтаған әкімшілік хұқ бұзушылық айыппұл төлеуден түскен барлық сомалар ЕЭА аумағында орналасқан және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істер органдарын материалдық-техникалық нығайтуға жұмсалуды мүмкін.

35-бап. Алакөл ЕЭА бюджетінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетімен есеп айырысуы Қазақстан Республикасының Алакөл ЕЭА-да жасаған келісіміне сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі банкті тіркеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкті ашуға берген рұқсатының негізінде жүзеге асырады. < * >

Ескерту. 35-бап толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1996.02.15 N 209 қаулысымен.

36-бап. Алакөл ЕЭА-ын дамытуға арналған ұлттық және шетел валютасындағы қаржы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша шығарылатын аймақтық облигациялардың, несиелердің және заңды ұйымдар мен жеке адамдардың ерікті жарналарының, сауда-саттық, аукциондар, лотереялар өткізудің, шаруашылық қызметтің ережесін бұзғаны үшін алынатын айыптарды (кеден айыптарынан басқа), жергілікті өкімет органдарының көрсеткен қызметі үшін төлемдерді, жалгерлік төлемдер мен басқа да түсімдерді аударудың есебінен толықтырылуы мүмкін. <*>

Ескерту. 36-бап өзгерді - ҚР Үкіметінің 1996.02.15
N 209 қаулысымен.

37-бап. Қазақстан Республикасы Ұлтмембанкінің бөлімшесі Қазақстан Республикасының орталық банктерімен және халықаралық қаржы ұйымдарымен экономикалық және валюталық-қаржылық операцияларда Алакөл ЕЭА-ның ресми өкілі болып табылады.

Ұлтмембанктің бөлімшесі белгіленген тәртіппен Алакөл ЕЭА аумағында банктерді және басқа несие мекемелерін, шетел банктерінің бөлімшелері мен филиалдарын, шетелдіктер қатысуындағы банктерді қоса, тіркеуді жүзеге асырады.

38-бап. Коммерциялық банктер мен шетелдердің қатысуы бар банктердің қызметі Алакөл ЕЭА-ның Ұлтмембанк бөлімшесінде Қазақстан Республикасының "Қазақ ССР-індегі банктер және банк қызметтері туралы" Заңында көзделген тәртіппен лицензияланады.

39-бап. Алакөл ЕЭА-ның ішкі нарығындағы айналымда Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы жүреді.

Шетел валютасы мен шетел валютасындағы төлем құжаттарын пайдалану аймақтың әкімшілік кеңесінің келісімі бойынша Алакөл ЕЭА-ның Ұлтмембанкісінің бөлімшесі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

40-бап. Алакөл ЕЭА-ның шетел мемлекеттерімен есеп айырысуы екі жақтың келісімі бойынша кез-келген валютамен жүргізіледі.

41-бап. Алакөл ЕЭА аумағында шетел валютасының қолма-қол қолданылмай айналыста болуына жол беріледі. Қолма-қол қолданыс нысанында болмайтын шетел валютасын алу және онымен есеп айырысуды жүзеге асыру хұқы аймақтың аумағында тіркелген, қызмет істейтін және тұратын барлық заңды ұйымдар мен жеке адамдарға қолданылады.

42-бап. Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі Ұлтмембанкпен келісе отырып, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарға, бірлестіктер мен ұйымдарға шетелдердің қатысуы бар кәсіпорындарға, азаматтарға Алакөл ЕЭА аумағында арнайы сауда мен қызмет көрсетуді еркін айналыстағы валютамен жүзеге асыруына хұқы бар.

6-бөлім. Алакөл ЕЭА-ның кеден тәртібі

43-бап. Алакөл ЕЭА аумағында айрықша кеден тәртібі қолданылады.

Аймақ аумағында кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесіне бағынатын кеден басқармасы құрылады.

Алакөл ЕЭА кеден басқармасының қызметі Қазақстан Республикасының "Қазақ ССР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңымен, Қазақстан Республикасының оған қайшы келмейтін заңдарымен, ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі бекіткен және Алакөл ЕЭА бюджетінің қаржысымен қаржыландырылатын кеден қызметі туралы Ережемен реттеледі.

44-бап. Алакөл ЕЭА аумағында, сондай-ақ одан тысқары жерлерде орналасқан отандық және шетелдік шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы тауарлар мен қызмет алмасу Қазақстан Республикасының заңдарында жол берілген тауар алмасу операциялары нысанында жүзеге асырылады.

Алакөл ЕЭА-нан қосымша ұқсатусыз және өндеусіз әкетілген шикізат тауарларының тізбесі мен квотасын аймақтың әкімшілік кеңесі айқындайды.

45-бап. Алакөл ЕЭА аумағына тауарлар мен қызмет түрлерін әкелуге тауарлар мен қызмет түрі аумақ пен халықтың қауіпсіздігіне қатер төндіретін, экологиялық және техникалық стандарттарға сай келмейтін, денсаулыққа, адамгершілікке мәдениет пен табиғат ескерткіштерінің сақталуына қатер төндіретін жағдайлардан басқа уақытта шек қойылмайды.

46-бап. Алакөл ЕЭА аумағында өндірілген тауарларды шығарғанда Қазақстан Республикасының үкіметаралық келісімдерімен әкетілуі шектелген тауарлардан басқалары квоталау мен лицензиялаудан босатылады.

Тауар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қолданылып жүрген Ереженің талаптарына сай келетін болса, аймақта өндірілген болып саналады.

47-бап. Аймақта пайдалануға арналған тауарлар мен қызмет түрлерінің импорты Қазақстан Республикасының арнаулы ережелері мен үкіметаралық келісімдері бойынша импорты жүзеге асырылатын тауарлардан (қызмет түрлерінен) басқалары квота мен лицензиялаудан босатылады.

Импортқа әкелінген тауарларды Қазақстан Республикасының басқа аймақтарына және басқа мемлекеттердің аумағына қайта экспортқа шығару жалпы негізде жүзеге асырылады.

Алакөл ЕЭА аумағында темір жол, әуе көлігі арқылы жүзеге асырылатын өткінші жүктер мен жолаушыларды тасымалдау, сондай-ақ байланыс қызметі мен электр қуатын тұтыну ақысын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен тариф бойынша төленеді, әрі Алакөл ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі белгілеген салық пен кедендік баж салығы алынбайды.

Алакөл ЕЭА аумағы арқылы Қазақстан Республикасының басқа аймақтарына

тауарларды экспортқа және импортқа шығару кедендік баж салығынсыз жүзеге асырылады.

7-бөлім. Алакөл ЕЭА-дағы еңбек қатынасы

48-бап. Алакөл ЕЭА-да Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарының Қазақстан Республикасының "Қазақ ССР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңына қайшы келмейтін ережелері қолданылады.

49-бап. Алакөл ЕЭА аумағында тіркелген және өзінің қызметін аймақтың әкімшілік кеңесі белгілеген басымдық тәртібімен жүзеге асыратын заңды ұйымдар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер аймақтың кәсіпорындарындағы жұмысқа жергілікті еңбек ресурстарын тартады және оларды оқыту мен қайта мамандандыруға қатысады.

"Қазақ ССР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңның 13-бабының 1,5 тармағына сәйкес жұмысшылар, инженерлер және жетекші басшы кадрларды оқыту мен қайта мамандандыруға жұмсалатын пайданың бір бөлігі әкімшілік кеңесінің шешімі бойынша салықтан босатылады.

50-бап. Жалдау және босату, еңбек ету және демалу тәртібі, әлеуметтік кепілдіктер мен өтемдер мәселелерін қоса Алакөл ЕЭА кәсіпорындарындағы ұжымдық шарттармен (келісімдермен) және еңбек жеке еңбек шарттарымен (контракттармен) реттеледі.

Ұжымдық және жеке еңбек шарттарының қағидалары Алакөл ЕЭА аумағында тіркелген және жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар мен ұйымдар еңбеккерлерінің жағдайын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген шарттармен салыстырғанда нашарлатып жібермеуге тиіс.

Еңбекақы төлеудің шарттары мен мөлшерін, сондай-ақ қызметкерлер табысының басқа да түрлерін өз қызметін шаруашылық есеп негізінде жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар өздерінің қаржысы есебінен дербес белгілейді; бюджеттік ұйымдар мен мекемелерде Алакөл ЕЭА-ның бюджеті және жергілікті бюджет қаржыларының есебінен белгіленеді.

Кәсіпорындағы шетел қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, демалыстар беру, зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелері жеке контрактілермен анықталады. Бұл қызметкерлердің шетел валютасымен алынған табыстары ешқандай бөгеусіз шет елге аударыла береді.

51-бап. Алакөл ЕЭА аумағында тіркелген және қызмет істейтін заңды ұйымдардың өздері құрайтын валюта қорының есебінен жұмысшылар мен мамандарға жалақыны оларға шетел валютасымен төлеуге хұқысы бар, бұл аймақтың арнайы дүкендерінде пайдалану үшін арнаулы чектер, несие паракшалары немесе басқа төлем қаражаты ретінде төленеді, сондай-ақ шетелдерге сапарға шыққан кезінде осы шарттардың иелерінің қолдарына беріледі.

52-бап. Алакөл ЕЭА-да ең төменгі жалақы, жергілікті зейнетақылар, жәрдемақылар және әлеуметтік қамсыздандыру басқа да нысандары белгіленеді, олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгендегіден төмен болмауға тиіс.

Қосымша төлемдердің мөлшерін әкімшілік кеңесі белгілейді және ол аймақтың бюджетіндегі қаржыдан төленеді.

53-бап. Қысқартуға немесе кәсіпорынның таратылуына (қайтадан құрылуына) байланысты жұмыстан шығарылған жағдайда Алакөл ЕЭА жұмысшылары мен қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен төмен емес мөлшерде жұмыссыздығы жөнінде жәрдемақы төленеді.

Жұмыссыздығы жөнінде жәрдемақы тағайындау шарттары мен төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік кеңесі айқындайды.

8-бөлім. Алакөл ЕЭА-на (нан) келу және кету тәртібі

54-бап. Алакөл ЕЭА-на шетел азаматтарының келіп-кетуі мен болуының оңайлатылған тәртібі қолданылады.

55-бап. Алакөл ЕЭА-да тіркелген заңды ұйымдардың қызмет бабымен ешқандай шектеусіз шетел азаматтарын шақыру және өз қызметкерлерін шетелдерге іссапарына жіберу жөнінде өздігінен шешімдер қабылдауға хұқы бар.

Алакөл ЕЭА-да тіркелген заңды ұйымдар өкілдерінің және оның аумағында тұратын азаматтардың аймақтың аумағында еркін келу (кету) хұқы бар.

56-бап. Хұқ қорғау органдарының Алакөл ЕЭА аумағындағы қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

9-бөлім. Алакөл ЕЭА мәртебесін өзгерту және қызметін доғару

57-бап. Алакөл ЕЭА мәртебесін өзгертуді, сондай-ақ оны таратуды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырады.